

Салық салынатын айналым және бюджетке төленетін ққс сомасын анықтау.

ҚҚС сомасы 12%

№ 1. Сату бойынша айналым - 280000 тенге, түскен тауарлар бойынша айналым - 70000 тенге

Анықтау керек:

-төленетін қосылған құн салығы сомасын анықтаңыз?

-ҚҚС төлеу мерзімін

Жауабы: Бюджетке төленетін ҚҚС сомасы=280000-70000=210000

$\times 12\% = 25200$ тг

Төлеу мерзімі: салықты орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей әрбір салық кезеңі үшін төлеуге міндетті.

№ 2. Занды тұлғаның Қосылған құн салығын есептеу үшін келесі кесте берілген:

№		Тауарлардың ҚҚС-з бағасы	
1	12% мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым	500 000 тенге	60 000 тенге
2	0% мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналым	120 000 тенге	-
3	ҚҚС-нан босатылған айналым	60 000 тенге	-
4	ҚҚС-н төлеуші сатып алған тауарлардың құны	210 000 тенге	25 200 тенге

Анықтау керек:

-Жалпы айналымды, салық салынатын айналымды, салық салынатын айналымның салмағын, рұқсат етілген есепке жатқызу сомасын, бюджетке төленетін ҚҚС сомасын табыңыз?

Жауабы: Жалпы айналым: 680 000 = 500 000 + 120 000 + 60 000

Салық салынатын айналым: 620 000 = 120 000 + 500 000

Салық салынатын айналымның салмағы: $(620 \times 100) \div 91,2\%$

Рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы: $(25200 \times 91,2\%) \div 100 = 22982$ тенге

Бюджетке төленетін ҚҚС сомасы = 60000 - 22982 = 37018 тенге

Енді келесі есептерді шығарыңыздар.

№ 1. Занды тұлғаның тауарды өткізуден түскен табысы келесідей:

- сәуірде 1240000тг; мамырда 3890120тг;

- маусымда 2456008тг;

Анықтау керек:

- бюджетке төленетін ҚҚС сомасы;
- декларацияны ұсыну мерзімін көрсетіңіз

№2 Наурыз айында кәсіпорын тиелген таурлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін шот ұсынды. Сомасы 6872000тг(ҚҚС-мен).

Анықтау керек:

- ҚҚС сомасын
- бюджетке төлеу мерзімі

№3.Қарыз берушінің мүлкінің құны 4200000 тг құрайды. Қарыз құралдарның сомасы 5000000тг құрайды.

Анықтау керек:

- қарыз берушінің ҚҚС-ның айналым мөлшерін қай бағадан анықтау керек
- ҚҚС сомасы